

**ТҮРКІТІЛДЕС ЕЛДЕР  
ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ  
БАКУ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ**

## Декларация

DECL/002/2019/FINAL

*Бейресми аударма*

### **БАКУ ДЕКЛАРАЦИЯСЫ**

Түркітілдес елдер Парламенттік Ассамблеясының (ТүркПА) тоғызыншы пленарлық отырысы 2019 жылғы 18 желтоқсанда Бакуде Әзербайжан Республикасы Милли Меджлисі, Қазақстан Республикасы Парламенті, Қырғыз Республикасы Жогорку Кенеші және Түркия Республикасы Ұлы Ұлттық Жиналысы депутаттарының қатысуымен өтті.

#### **Парламенттік ассамблея**

- Парламенттер арасындағы ынтымақтастықты тереңдетуге өзінің ерік-жігерін *білдіре отырып* және осыған орай, 2008 жылғы 21 қарашадағы Түркітілдес елдер Парламенттік Ассамблеясын құру туралы Ыстанбұл келісіміне және ТүркПА-ның алдыңғы декларацияларына *сілтеме жасай отырып*;
- Парламенттердің ортақ тарихи, тілдік және мәдени байланыстар негізінде түркітілдес елдер арасындағы тығыз әрі сан салалы ынтымақтастықты дамытудағы ерекше рөлін *атап өте отырып*;
- Бауырлас елдер парламенттерінің арасындағы өзара іс-қимыл олардың орнықты дамуына және түркі интеграциялық процестерін алға бастыруға ықпал ететінін *атап көрсете отырып*;
- 2018 жылғы 20-21 қарашада Измирде өткен сегізінші пленарлық отырыстан кейін Ассамблея аясындағы ынтымақтастықтың елеулі алға басқанын *құптай отырып*;

- Түркітілдес елдер арасындағы тереңдей түскен жан-жақты қарым-қатынастар өңірде де, әлемде де диалогті нығайтып, тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпал ететінін *жете сезіне отырып*;
- ТүркПА-ға мүше елдер арасындағы нәтижеге бағдарланған практикалық ынтымақтастықты дамытудың маңызын және мүше елдердің ұлттық заңнамасын модельдік заңнама әзірлеу және жалпы, түркі ынтымақтастығы аясындағы бастамалар мен жаңа бастауларға заңнамалық қолдау көрсету арқылы үйлестіру қажеттігін *атап көрсете отырып*;
- Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін (Түркі кеңесі) құру туралы Нахчыван келісімінің 10 жылдығы Түркі әлеміндегі институционалдық өзара іс-қимылдың тиімділігін арттыруға бағытталған болашақ мақсаттар мен міндеттерді айқындауда түркілердің түркілік ынтымақтастығын ұйымдастыру үшін бетбұрыс нүктесі болып табылатынын *атап көрсете отырып*;
- Өздерінің халықаралық құқық нормалары мен қағидаттарына, атап айтқанда егемендікті, аумақтық тұтастықты және халықаралық деңгейде танылған шекаралардың мызғымастығын, ішкі істерге араласпауды құрметтеу мен қолдауға қатысты міндеттемелерін *растай отырып*;
- 2018 жылғы 20-21 қарашада Измирде өткен сегізінші пленарлық отырыста қабылданған, Ассамблеяның алдағы жылдардағы қызметіне ұзақ мерзімді көзқарас баяндалған стратегиялық құжатқа *сілтеме жасай отырып*;
- Парламенттік дипломатияның әлемде диалогке, өзара түсіністікке және сенімді нығайту шараларына жәрдемдесу үшін қолайлы тетік ретінде өсіп келе жатқан рөлін *атап көрсете отырып*;

### **Мыналарды мәлімдейді:**

1. Түркияның ТүркПА-ға төрағалық ету қызметін, әсіресе мүше елдер арасында түрлі салалардағы ынтымақтастықты тереңдетуге бағытталған жаңа күш-жігерін, сондай-ақ ТүркПА-ны одан әрі институционалдық дамытуға қосқан үлесін және бірнеше ынтымақтастық бағыты бойынша модельдік заңнаманы әзірлеуде атқарылған жұмысты жоғары бағалайды;
2. Ассамблеяның заңнамалық базасын жетілдіру және ТүркПА шеңберінде алғашқы модельдік заңдарды әзірлеу бойынша жүргізілген жұмысты қоса алғанда, сегізінші пленарлық сессияда қабылданған стратегиялық құжатты іске асырудағы прогресті жоғары бағалайды;

3. Өзінің түркі ынтымақтастығының басым салаларында ортақ заңнамалық кеңістік қалыптастыруды жақтайтынын растайды және мүше елдерді олардың ұлттық заңнамасы бойынша бірыңғай дерекқор құру жұмысын жүргізуге және сарапшылардың қатыстыра отырып, модельдік заңдар әзірлеу бойынша одан арғы талқылауларға белсене атсалысуға шақырады;

4. Мүше елдер парламенттерінің аппараттары арасында тәжірибе алмасу процесін қанағаттанушылықпен атап өтеді және осыған байланысты, тиісінше 2019 жылғы 22-26 шілдеде және 14-18 қазанда мүше елдер парламенттері қызметкерлерінің Анкара мен Бішкекке сапарларын ұйымдастырғаны үшін Түркияның Ұлы Ұлттық Жиналысына және Қырғыз Республикасының Жоғорку Кенешіне ризашылық білдіреді; мүше парламенттерді тәжірибе алмасу бағдарламаларында баяндалған бастамаларды назарға алып, оларды іске асыру мүмкіндігін талқылауға шақырады;

5. 2019 жылғы 23-24 қыркүйекте Нұр-Сұлтанда Қазақстан Парламентінің қолдауымен өткен Еуразия елдері парламенттері спикерлерінің 4-ші кеңесінің табысты ұйымдастырылуын жоғары бағалайды және Еуразия елдері арасындағы парламентаралық қатынастардың дәйекті дамып отырғанын қанағаттанушылықпен атап өтеді, сондай-ақ 2020 жылы Индонезия Республикасында Еуразия елдері парламенттері спикерлерінің 5-ші кеңесін өткізуді құптайды; ТүркПА Хатшылығы делегациясының Еуразия елдері парламенттері спикерлерінің кеңестеріне қатысуын қолдағаны және әртүрлі парламентаралық платформаларда ТүркПА-ның танымалдығын арттыруға мүмкіндік бергені үшін мүше елдерге алғыс білдіреді;

6. Парламентаралық ынтымақтастықтың 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған орнықты даму саласындағы жаһандық күн тәртібінде тұрған мәселелерді шешудегі маңызын атап көрсетеді және осыған байланысты 2019 жылғы 14-15 маусымда Бакуде Әзербайжан Республикасының Милли Меджлисімен бірлесіп ұйымдастырылған «Орнықты даму саласындағы мақсаттарға қол жеткізуде Түркі әлемі әйелдерінің рөлі» атты халықаралық конференцияның қорытындыларын оң бағалайды; мүше елдерге, басқа да елдер мен халықаралық ұйымдарға гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту саласындағы жүйелі диалог тетігі ретінде құрылған ТүркПА-ның әйел-парламентарийлері тобының жұмысына белсене қатысуды ұсынады;

7. Түркияның Ұлы Ұлттық жиналысын 2020 жылғы 23 сәуірде Анкарада өтетін салтанатты жиналыстың 100 жылдығымен құттықтайды;

8. Қырғыз Республикасын 2019 жылы 20 қарашада Францияда, Парижде өткен ЮНЕСКО Бас конференциясының 40-шы сессиясында 2019-2023 жылдар кезеңіне ЮНЕСКО-ның Атқарушы кеңесіне сайлануымен құттықтайды;

9. Қазақстан Республикасын БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты емес мүшелікті табысты аяқтауымен құттықтайды және Қазақстанның ядролық қарусыздану, таратпау және бейбіт дипломатия саласындағы бай тәжірибесін атап өтеді;

10. Қырғыз Республикасы кандидатурасының 2027-2028 жылдар кезеңінде БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесіне тұрақты емес мүшелікке кандидатурасын қошеметтейді;

11. 2019 жылғы 27 қарашада Нұр-сұлтан қаласында өткен "Жастар құндылықтары және парламенттердің ынтымақтастығы" тақырыбында Түркі әлемі жас парламентарийлерінің бірінші жиналысын жоғары бағалайды және Түркияның Ұлы Ұлттық Жиналысының ұлықтау күнінен бастап Жүзжылдықты мерекелеу аясында Түркияда келесі кездесуді өткізуге дайындығын білдіреді;

12. Өзбекстан Парламентімен қарым-қатынасты нығайтуды құптайды және Өзбекстан делегациясының ТүркПА-ның пленарлық отырыстарына дәйекті түрде қатысуын жоғары бағалайды;

13. Өңірлік және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықтың дамытылуына қанағаттанушылық білдіреді және ТүркПА-дағы жаңа байқаушы ретінде Қара теңіз экономикалық ынтымақтастығы Парламенттік ассамблеясының (ҚЭЫПА) қатысуын құптайды; ТүркПА-ның халықаралық форумдардағы танымалдығын арттыру мақсатында басқа парламентаралық ұйымдармен ынтымақтастықты жалғастыруға табанды түрде шақырады;

14. Түркітілдес елдердің жетекші халықаралық ұйымдар шеңберіндегі өзара іс-қимылын жоғары бағалайды және мүше елдерге сыртқы саясат мәселелері бойынша «пікірлес елдер» тұжырымдамасына да негізделген ортақ ұстанымы үшін ризашылық білдіреді;

15. Мүше мемлекеттердегі сайлауларға байқау жасағаны үшін Түркі кеңесі мен ТүркПА-ға ризашылық білдіреді;

16. Өз миссияларының Түркі кеңесі миссияларымен бірлесіп сайлауларды байқау жөніндегі қызметін жоғары бағалайды және оларды ТүркПА-ның жақында қабылданған Сайлауды байқау туралы ережелеріне сәйкес сайлауды байқаудың ортақ әдіснамасын әзірлеуге шақырады;

17. Өз миссиясының Қазақстан Республикасында 2019 жылғы 9 маусымда өткен мерзімінен бұрын президент сайлауы барысында сайлауды байқау жөніндегі қызметін атап өтеді және сайлау қорытындысын оң бағалайды;

18. Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесін (Түркі кеңесін) Нахчыван келісімінің 10 жылдығымен құттықтайды және 2019 жылғы 15 қазанда Бакуде өткен Түркі кеңесінің жетінші саммитінің қорытындыларын жоғары бағалайды; Өзбекстан Республикасын осы айтулы датада Түркі кеңесіне толық құқылы мүше болуымен құттықтайды; түркітілдес мемлекеттердің өз халықтарының игілігі үшін ынтымақтастығын одан әрі нығайта беретініне сенім білдіреді;

19. Түркі ынтымақтастығы ұйымдарын қалыптастыруға және Түркі әлемінің бірлігіне қосқан тарихи үлесі үшін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың баға жетпес рөлін жоғары бағалайды және оны Түркі кеңесінің Құрметті төрағасы мәртебесінің берілуімен және Түркі әлемінің ең жоғары орденімен наградталуымен құттықтайды;

20. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Түркі кеңесінің жетінші саммитінде айтылған «Түркі келешегі-2040» бағдарламасын дайындау және Түркі кеңесінің атауын «Түркі мемлекеттердің ұйымы» деп өзгерту жөніндегі бастамаларын қолдайды;

21. ТүркПА мен Әзербайжан Республикасы Милли Меджлисінің 2019 жылы 10 қазанда Әзербайжанда, Бакуде өткен Нахчыван келісімінің 10 жылдығына арналған халықаралық конференцияны табысты ұйымдастырудағы рөлін жоғары бағалайды;

22. Түркі ынтымақтастығы ұйымдарының әртүрлі қызмет салаларында олардың арасындағы үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Түркі әлемі елдерінің арасындағы байланыстарды алға бастырумен және дамытумен айналысатын Түркі кеңесінің Үйлестіру комитетін құруды құптайды және барлық Түркі ынтымақтастығы ұйымдарды Үйлестіру комитетінің отырыстарына белсене қатысуға шақырады; түркі ынтымақтастығы институттарының арасындағы өзара іс-қимылды түркі ынтымақтастығы платформасының институционалдық өзара толықтыру қағидаты негізінде көрсетілген Комитет арқылы одан әрі кеңейтуге шақырады;

23. Мүше елдер арасындағы сауда-инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту үшін жаңа әрі сенімді тетік ретінде Түркі сауда-өнеркәсіп палатасының (ТСӨП) құрылғанын жоғары бағалайды;

24. Мүше мемлекеттердің арасында тұрақты консультациялар өткізу мен саналуан салалы іс-шараларға қатысу арқылы орнықты көпжақты ынтымақтастық жасауға бағытталған «Экономикалық аймақтардың әрқилы түрлері арасында ақпарат пен тәжірибе алмасуға қатысты өзара түсіністік туралы меморандумға» қол қойылғанын құптайды;

25. Мүше елдер арасында технологиялар саласындағы ынтымақтастықтың дамуын құптайды және мүше елдердің іскер және академиялық топтары арасында инновациялар саласындағы байланыстарды нығайту қажеттігін атап көрсетеді;

26. Мүше елдерді экологиялық мәселелер бойынша, атап айтқанда табиғи ресурстарды байыпты пайдалануға, ормандар мен мұздықтарды қорғауға және су ресурстарын басқаруға байланысты мәселелер бойынша ынтымақтастықты одан әрі тереңдете түсуге шақырады;

27. Көлік дәліздерін дамытудың мүше елдер арасындағы халықаралық сауданы кеңейту мен экономикалық байланыстарды тереңдетуде шешуші рөл атқаратынын атап өтеді және өзінің Ұлы Жібек жолы шеңберінде инфрақұрылымдық жобаларды қолдауды жақтайтынын растайды;

28. 2019 жылғы 13-15 мамырда Ақтауда 1-ші Каспий порттары және кеме қатынасы форумының алаңында Қазақстан Үкіметі ұйымдастырған Түркі кеңесінің логистикалық форумының ұйымдастырылуын жоғары бағалайды; және мүше мемлекеттерде осындай халықаралық форумдар мен жоғары деңгейлі

конференцияларды ұйымдастыру арқылы Шығыс-Батыс Транскаспий халықаралық Таяу Шығыс дәлізін ілгері бастырудың маңызын атап көрсетеді;

29. Мүше елдердің жоғары білім берудің баламалығы процесіне және адам ресурстарының біліктіліктерін тану практикасын, рәсімдік келісуді және өзара бағалауды қажетті заңнамалық қолдаумен қамтамасыз ету жөнінде талқылаулар өткізуге жәрдем көрсетуін көтермелейді;

30. «XV – XXI ғасырлардағы ортақ түркі тарихы» оқулығымен жұмысты аяқтауды, сондай-ақ география мен әдебиет бойынша бірыңғай оқулықтар дайындауды ұсынады;

31. Студенттер алмасуға, мүше парламенттердің жұмысына жас еріктілердің қатысуына және жас ұрпақты тартуға байланысты жобаларды қоса алғанда, түркі ынтымақтастығы ұйымдары шеңберінде жастар бағдарламаларын дамытуды қолдайды; университеттер студенттері арасында кеңінен таныту мақсатында түркі ынтымақтастығы ұйымдарында алмасу бағдарламасын құру жөніндегі бастаманы құптайды;

32. 2020 жылды қазақ ақыны Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуын және ғалым әрі философ Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толуын мерекелеуге арнауды қолдайды;

33. 2019 жылы 24 мамырда Парижде ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде «Ұлы дала: мәдени мұра және әлемдік тарихтағы рөлі» атты халықаралық форумның; және 2019 жылы 24 маусымда Нұр-Сұлтанда Түркі Академиясы өткізген «Ұлы дала: түркі өркениеті түп тамырынан қазіргі заманға дейін» деп аталатын 4-ші гуманитарлық форумның табысты ұйымдастырылуын жоғары бағалайды;

34. Түркі мәдениеті мен мұрасы қорын Әзербайжан Республикасында орналасқан, Бакудегі офисінің ашылуымен құттықтайды және Қордың алдағы қызметіне барынша табыс тілейді;

35. 2019 жылғы 19 қыркүйекте Мажарстанда Түркі кеңесі өкілдігінің ашылуын жоғары бағалайды және өкілдіктің тиімді жұмысына қолдау көрсетуге әзір екенін білдіреді;



36. Өзінің халықаралық аренада Түркі әлемінің мүдделерін ілгері бастыру ниетін растайды;

37. Кипрдегі жағдайды екі халықтың саяси теңдігі және олардың аралға бірлескен құқығы негізінде келіссөздер арқылы реттеуге қол жеткізу қажеттігін атап көрсетеді; және кипрлық түріктердің бейбіт, қауіпсіз және гүлденген болашаққа ұмтылысына өзінің берік тілектестігін білдіреді;

38. Армян-әзербайжан Таулы-Қарабақ қақтығысын Әзербайжан Республикасының егемендігі, аумақтық тұтастығы және халықаралық танылған шекараларының мызғымастығы негізінде тезірек реттеуге өзінің батыл қолдау білдіретінін қайтадан мәлімдейді;

39. Мүше мемлекеттерді терроризм, сепаратизм, экстремизм, кемсітушілік, ксенофобия және исламофобияның барлық түрлері мен формаларына қарсы күрестегі жұмыстарын жандандыруға шақырады және осыған байланысты мүше мемлекеттердің тиісті органдарын халықаралық форумдарда өз күш-жігерлерін үйлестіруді сұрайды;

40. 2019 жылғы 15 қазанда өткен Түркі Кеңесінің 7-ші саммитінде бауырлас мүше мемлекеттердің басшыларының Түркияның «Бейбітшілік бұлағы» операциясына қатысты ұстанымын, Түркияның терроризмге қарсы күрестің және Сирияның аумақтық тұтастығына құрметпен қарауының нәтижесі туралы айтады. Сириядағы тұрақты саяси реттеу үшін «Астана процесі» шеңберіндегі диалогты жалғастыруға шақырады;

41. 2019 жылғы 23-24 қазанда Бакуде өткен Қосылмау қозғалысы (ҚК) мемлекет және үкімет басшыларының 18-ші саммитінің қорытындыларын жоғары бағалайды және Әзербайжан Республикасын 2019-2022 жылдар кезеңінде Қосылмау қозғалысының Төрағасы лауазымына кірісуімен құттықтайды;

42. Мәдениет, рухани құндылықтар, бейбіт идеялар, бірлік пен ынтымақтастық, мәдени әртүрлілік пен толеранттылықты сақтау аясында 2018 жылғы Түркі әлемінің мәдени астанасы ретінде Қырғызстанның Ош қаласының жариялануын құптайды;

43. ТҮРКІСОЙ-дың Өзбекстандағы Хива қаласын, түркі әлемінің 2020 жылғы мәдени астанасы, көптеген түркі мемлекеттері құрылған 2500 жылдық тарихы бар ежелгі және бірегей қала деп жариялау туралы шешімді жоғары бағалайды;

44. 2020 жылы Орхон-Енисейдің 1500 жылдығына арналған Түркі ынтымақтастығы ұйымдарымен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруды жоғары бағалайды және осы тұрғыда түркі әлемінің тарихи және мәдени құндылықтарын сақтау және дәріптеу қажеттілігін атап көрсетеді;

45. Түркі әлемінің әйгілі тұлғаларының мерейтойларына орай, мысалы, әзербайжандық хуруфи ақыны Имамеддин Насимидің 650 жылдығы және Ашик Вейселдің 125 жылдық мерейтойымен құттықтайды;

46. Қырғыз Республикасының этно-тарихи, өркениетаралық және ұлтаралық спорттың дамуына ықпал ететін 2014, 2016 және 2018 жылдары Қырғыз Республикасының Ыстықкөл көлінде өткен Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын құру және алға жылжытудағы күш-жігерін жоғары бағалайды. Сондай-ақ, мәдени диалог және барлық мүше мемлекеттерді 2020 жылғы Түркияда өтетін келесі Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына жоғары деңгейде қатысуға шақырады;

47. Әзербайжан Республикасы Милли Меджлисінің Бакудегі кіршіксіз қонақжайлылығын және ТүркПА-ның тоғызыншы пленарлық отырысының тамаша ұйымдастырылуын жоғары бағалайды;

48. 2020 жылы оныншы пленарлық отырысты Қазақстан Республикасында өткізуге қаулы етеді.